

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Қопа ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 24 қыркүйектегі № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Абай облысы Аягөз ауданы Қопа ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 5 қарашадағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Аягөз аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2024 жылғы 04 қарашадағы № 01-12/470 ұсынысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруынан сауықтыру және жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралары толығымен аяқталуына байланысты Абай облысы Аягөз ауданы Қопа ауылдық округіне қарасты "Бірлік" ш/қ белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қопа ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 24 қыркүйектегі №1 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қопа ауылдық округі әкімі

Н. Жетибаев